

Әуе кемелерін пайдаланушыларды аэронавигациялық ақпаратпен қамтамасыз ету қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 29 желтоқсандағы № 1441 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 тамыздағы № 624 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.08.2015 № 624 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

«Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңының 13-бабының 8) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған Әуе кемелерін пайдаланушыларды аэронавигациялық ақпаратпен қамтамасыз ету қағидасы бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Республикасының</i>
	<i>К. Мәсімов</i>	
Қазақстан		Республикасы
Үкіметінің		
2010 жылғы	29	желтоқсандағы
№ 1441	қаулысымен	
бекітілген		

Әуе кемелерін пайдаланушыларды аэронавигациялық ақпаратпен қамтамасыз ету қағидасы 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Әуе кемелерін пайдаланушыларды аэронавигациялық ақпаратпен қамтамасыз ету қағидасы (бұдан әрі - Қағида) Қазақстан Республикасының әуе қозғалысына қызмет көрсету органдарының жауапкершілік аймағында ұсынылатын аэронавигациялық ақпаратпен қамтамасыз ету тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидадағы талаптарды әуе кемелерін пайдаланушыларды аэронавигациялық ақпаратпен қамтамасыз етуді ұйымдастыруға және қамтамасыз етуге қатысатын азаматтық авиация кәсіпорындарының, мекемелері мен ұйымдарының барлық лауазымды тұлғалары және авиациялық персоналы орындайды.

3. Осы Қағидада пайдаланылатын негізгі анықтамалар мен терминдер:

1) аэронавигациялық деректер - аэронавигациялық нақты деректерді, тұжырымдамаларды немесе нұсқаулықтарды байланыс, түсіндіру немесе өңдеу үшін ыңғайлы формальді тәртіппен баяндау;

2) ұшу алдындағы ақпарат бюллетені (бұдан әрі - PIB) - ұшу алдында дайындалған, айрықша пайдаланылу маңызы бар ағымдағы NOTAM ақпараты;

3) геоид толқыны (геоид биіктігі) - геоид беті мен математикалық тұрғыдан анықталған референц-эллипсоид беті арасындағы қашықтық (оң немесе теріс мағына) ;

4) геоид - Жердің гравитациялық өрісіндегі теңіздің бекітілген орта деңгейі (MSL) мен оның материктер алып жатқан жалғасына сәйкес келетін баламалы әлеуетті беті. Жергілікті гравитациялық ауытқулардың салдарынан геоид пішіні дұрыс емес қалыптасқан, сондықтан ауыртпалық күшінің бағыты кез келген нүктеде геоид бетіне перпендикуляр;

5) Аэронавигациялық ақпарат жинағына қосымша (бұдан әрі - AIP) - AIP-тағы ақпаратқа енгізілетін және жеке парақтарда жарияланатын уақытша өзгерістер ;

6) аймақтық навигация (RNAV) - әуе кемелеріне кез келген траектория бойынша радиомаяктік навигациялық құралдардың әрекет аймақтары шегінде және автономды құралдардың немесе олардың құрамдастырымдарының мүмкіндіктерімен анықталатын шектерінде ұшу жасауға мүмкіншілік беретін навигация әдісі .

7) ақпарат өнімі - деректер шоғыры немесе ақпарат өнімінің ерекшеліктеріне жауап беретін деректер шоғырының жиынтығы;

8) сапа - меншікті сипаттамалар жиынтығының қойылған талаптарды орындау дәрежесі ;

9) деректер сапасы - ұсынылған деректердің нақтылық, ажыратымдылық және тұтастық тұрғысынан деректерді пайдаланушы қоятын талаптарға жауап бере алатындығының дәрежесі немесе деңгейі;

10) деректер шоғырының жиынтығы - өнімнің бірдей ерекшеліктеріне сәйкес келетін деректер шоғырының жиынтығы;

11) циклдық артық кодты пайдалану арқылы бақылау (CRC) - деректерді жоғалып кетуден немесе өзгеруден қорғаудың белгілі деңгейін қамтамасыз ететін , деректердің цифрлық мәніне қатысты қолданылатын математикалық алгоритм;

12) деректер шоғыры - деректердің белгілі бір жиынтығы;

13) сапа менеджменті - ұйымның сапаға қатысты басшылық ету және басқару жөніндегі үйлестірілген қызметі;

14) орналасқан жер (географиялық) - нүктенің Жер бетіндегі орналасқан жерін анықтайтын математикалық тұрғыдан анықталған референц-эллипсоид

арқылы берілетін координаттар (ені мен ұзындығы);

15) талап етілетін навигациялық сипаттамалардың ерекшелігі (RNP) - RNP префиксі, мәселен RNP 4, RNP APCN-пен белгіленетін сипаттамалардың сақталмағандығы туралы ескертулерді сақтау және беруді бақылау үшін қойылатын талап қосылатын, аймақтық навигацияға негізделген навигациялық е р е к ш е л і к ;

16) аймақтық навигация ерекшелігі (RNAV) - RNAV префиксі, мәселен RNAV 5, RNAV 1 белгіленетін сипаттамалардың сақталмағандығы туралы ескертулерді сақтау және беруді бақылау үшін қойылатын талап қосылмайтын, аймақтық навигацияға негізделген навигациялық ерекшелік;

17) сипаттамаларға негізделген навигация (PBN) - ӘҚК бағыты бойынша, аспаптар бойынша қонуға кіру сұлбасы немесе белгіленген әуе кеңістігі бойынша ұшуды орындайтын әуе кемелерінің сипаттамаларына қойылатын талаптарға негізделген а й м а қ т ы қ н а в и г а ц и я ;

18) сапаны қамтамасыз ету - сапаға қойылатын талаптардың орындалатынына сенім туғызуға бағытталған сапа менеджментінің бөлігі;

19) біріккен аэронавигациялық ақпарат пакеті - пакет мынадай элементтерден т ұ р а д ы :

- AIP, түзетулерін қоса;

- AIP-қа енгізілетін толықтырулар;

- NOTAM және PIB;

- AISC; және

- бақылау тізбесі және қолданыстағы NOTAM тізбесі;

20) жергілікті жердегі кедергілер туралы деректерді есепке алу шегі кедергілер (жергілікті жер) туралы деректер жасау мақсатында қолданылатын б е л г і л і ш е к ;

21) AIP-қа жасалатын түзетулер - AIP-тағы ақпаратқа енгізілетін тұрақты өзгерістер ;

22) кедергі - барлық жылжымайтын (уақытша немесе тұрақты) және жылжитын нысандар немесе олардың мына жерлердегі бөлігі: әуе кемелерінің жер бетінде қозғалуына арналған аймақта орналасқан; немесе ұшып бара жатқан әуе кемелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін белгілі бір жерде тұрғызылған; немесе осы жерлер шегінде орналасқан және әуе навигациясы үшін қауіп төндіретін д е п б а ғ а л а н ғ а н ;

23) ААҚ өнімі - аэронавигациялық карталарды қоса алғанда, біріккен аэронавигациялық ақпарат пакеті элементтерінің (NOTAM-нан) және ұшу алдындағы ақпарат бюллетендерінен (PIB) басқа) нысанында немесе тиісті электрондық тасымалдауыш түрінде ұсынылатын аэронавигациялық ақпарат;

24) радиохабар тарату арқылы автоматты тәуелді байқау (ADS-B) - әуекемелері, әуеайлақтағы көлік құралдары және басқа объектілер тану индексі, тұрған жері туралы деректер, қажет болған жағдайда, деректерді беру желісінің радиохабар тарату режимін қолданып, қосымша деректер сияқты ақпаратты автоматты түрде бере және/немесе қабылдай алатын байқау түрі;

25) ажырату қабілеті (ажыратымдылық) - қолданылатын өлшенген немесе есептелген мәннің тәртібін анықтайтын бірліктердің немесе цифрлардың саны;

26) аэронавигациялық ақпараттар жинағы (AIP) - аэронавигация үшін елеулі маңызы бар ұзақ мерзімді аэронавигациялық ақпаратты қамтитын мемлекет шығарған немесе бекіткен жарияланым;

27) деректерді беру желісі бойынша «диспетчер-пилот» байланысы (CPDLC) - деректерді беру желісін қолдану арқылы ӘҚБ мақсатында диспетчер мен пилот арасындағы байланыс құралы;

28) әуеайлақ ауданында ақпаратты автоматты тарату қызметі (ATIS) - келіп қонатын және ұшып шығатын әуе кемелері үшін белгіленген ағымдағы ақпаратты тәулік бойы немесе тәуліктің белгілі бір уақытында автоматты ұсыну;

29) деректер беру желісін қолдануға негізделген, әуеайлақ ауданында ақпаратты автоматты тарату қызметі (D-ATIS) - ATIS-ті деректер беру желісімен ұсыну ;

30) аэронавигациялық ақпаратты басқару қызметі (ААҚ қызметі) - нақты белгіленген әрекет ету аймағында құрылған қызмет, ол әуе навигациясының қауіпсіздігін, тұрақтылығы мен тиімділігін қамтамасыз ету үшін қажетті аэронавигациялық ақпараттардың деректердің ұсынылуына жауапты;

31) дәлдік - есептеу немесе өлшеу мәнінің нақты мәнге сәйкес келу дәрежесі. Тұрған жерді өлшеу дәлдігі, әдетте, нақты тұрған жері анықталған ықтимал дәрежесімен белгіленген шектегі хабарланған жерінен бергі қашықтықпен беріледі ;

32) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық және эксперименттік авиация қызметі саласында басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган ;

33) сапаны басқару - сапаға қойылатын талаптардың орындалуына бағытталған сапа менеджменті бөлігі;

34) тұтастық (аэронавигациялық деректер) - аэронавигациялық деректердің, оларды дайындаған немесе түзету енгізуге рұқсат етілген сәттен бастап жоғалмағанының немесе өзгермегенінің анықталған кепілі;

35) аэронавигациялық ақпараттың нұсқаухаты (AIC) - NOTAM шығаруды немесе оны AIP-қа енгізуді қажет етпейтін, бірақ ұшулардың қауіпсіздігі мәселелеріне немесе аэронавигациялық, техникалық, әкімшілік және заңдық

мәселелерге қатысты ақпаратты қамтитын хабарлама;

36) AIRAC (аэронавигациялық ақпаратты регламенттеу және бақылау) - күшіне енудің ортақ күндері негізінде пайдалану практикасына едәуір өзгерістер енгізу қажеттігін тудыратын жағдайлар туралы алдын ала хабарлауға арналған жүйені білдіретін қысқарту;

37) ASHTAM - әуе кемелерінің ұшуларды орындауы үшін елеулі маңызы бар жанартау қызметінің өзгеруі туралы, жанартаудың атылуы және (немесе) жанартау күлінен болған бұлт туралы ерекше пішімде ұсынылған ақпарат қамтылған арнайы сериядағы NOTAM;

38) NOTAM - электр байланысы құралдарымен таралатын және кез келген аэронавигациялық жабдықты іске қосу, оның жай-күйі немесе өзгерту, қызмет көрсету және ережелер немесе қауіп-қатер туралы ақпаратты, ұшулардың орындалуымен байланысты персонал үшін маңызы аса зор уақтылы алдын алу туралы ақпаратты қамтитын хабарлама;

39) SNOWTAM - қар, мұз, еріген қардан болған батпақ немесе тоқтам су, әуесайлақтың жұмыс алаңындағы батпақ пен мұз сияқты қауіпті жағдайлардың орын алғаны немесе оларды жою туралы хабарлайтын, белгіленген пішімдегі арнайы сериядағы NOTAM.

4. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының аумағында, сондай-ақ әуе қозғалысына қызмет көрсету үшін Қазақстан Республикасы жауапты болатын аудандарда ұсынылатын аэронавигациялық ақпараттың дәйекті, сапалы және уақтылы болуын қамтамасыз ету үшін қажет барлық шараларды қабылдайды.

5. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган ұсынылатын аэронавигациялық ақпараттың дәйектілігін, нақтылығын және уақтылы берілуін қамтамасыз етуді бақылауды жүзеге асырады.

6. Аэронавигациялық ақпаратты азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның ведомстволық бағынысындағы мемлекеттік кәсіпорын болып табылатын аэронавигациялық ұйымының аэронавигациялық ақпаратты басқару қызметі (бұдан әрі - ААБ қызметі) дайындап, таратады.

7. Көзбен шолып ұшу және аспаптар бойынша ұшу (ұшып шығу, ұшып келу және қонуға кіру) схемаларын әзірлеуді және аэронавигациялық карталарды дайындауды ААБ қызметі жүзеге асырады.

8. ААБ қызметі ұшулардың қауіпсіздігі, тұрақтылығы және тиімді орындалуы үшін қажет ақпараттар (деректер) ағынын қамтамасыз етеді.

9. ААБ қызметі Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы өз аумағынан тыс жерлердегі әуе қозғалысына қызмет көрсетеді, жауапты аудандарға қатысты аэронавигациялық ақпараттар мен деректерді алады немесе жасайды, тексереді, жинақтайды, редакциялайды,

пішімге келтіреді, басып шығарады, сақтайды және таратады.

10. Аэронавигациялық ақпарат біріккен аэронавигациялық ақпарат пакеті түрінде де, осы пакеттің жекелеген элементтері түрінде де таратылады.

11. Біріккен аэронавигациялық ақпарат пакеті мынадай элементтерден тұрады :

1) аэронавигациялық ақпараттар жинағы, соның ішінде оған енгізілген түзетулер мен толықтырулар ;

2) NOTAM және ұшу алдындағы ақпарат бюллетені;

3) аэронавигациялық ақпарат нұсқаухаты;

4) бақылау тізбелері мен қолданыстағы NOTAM тізбелері.

12. ААБ қызметі Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның « Аэронавигациялық ақпарат қызметтері» 15-қосымшасының және Аэронавигациялық ақпарат қызметтері жөніндегі нұсқаулық (Doc 8126, Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (бұдан әрі - ИКАО) құжаты) талаптарына сәйкес, біріккен аэронавигациялық ақпарат пакетінің барлық элементтерінің жариялануын қамтамасыз етеді.

2-тарау. Аэронавигациялық ақпаратты жинау және өңдеу

13. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының аэронавигациялық ақпараттар жинағына (бұдан әрі - Қазақстан Республикасының AIP-ы), AIP-қа енгізілетін толықтыруларға, NOTAM-ға, PIB-ке және аэронавигациялық ақпараттың нұсқаухатына (бұдан әрі - AIC) енгізу үшін ААБ қызметіне қажет бастапқы деректерді дайындау бойынша міндеттерді азаматтық авиация ұйымдары мен өзінің құрылымдық бөлімшелері а р а с ы н д а б ө л е д і .

14. Аэронавигациялық ақпаратты жедел және дәл таратуды қамтамасыз ету үшін, ААБ қызметін бастапқы деректермен қамтамасыз етуге жауапты әрбір ұйым мен қызметте ААБ қызметімен тікелей және тұрақты байланысты сақтауға жауап беретін лауазымды тұлғалар тағайындалады.

15. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган ААБ қызметімен келісілген Бастапқы аэронавигациялық ақпаратты (деректерді) жеткізушілер тізбесін, сондай-ақ оларды ұсыну мерзімдері мен пішімдерін бекітеді.

16. Бастапқы аэронавигациялық ақпаратты жеткізушілер аэронавигациялық деректерді, осы Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес, аэронавигациялық ақпарат сапасына қойылатын талаптарға сәйкес ұсынады.

17. Бастапқы аэронавигациялық ақпаратты (деректерді) жеткізушілер болып табылатын құрылымдық бөлімшелердің (ұйымдардың, басқармалардың, бөлімдердің) басшылары бастапқы деректердің дәйекті, нақты және уақтылы

ұсынылуын қамтамасыз етеді.

18. Азаматтық авиация ұйымдары және олардың қызметтері (басқармалар, бөлімдер) ААБ қызметімен сенімді және шапшаң байланысу арналарын қамтамасыз етеді.

19. Бастапқы аэронавигациялық ақпаратты (деректерді) жеткізушілер тізбесінде мынадай ақпарат болады:

- 1) бастапқы аэронавигациялық ақпаратты жеткізушілердің атауы;
- 2) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган аэронавигациялық ақпаратты жеткізушіге берген сәйкестендіру нөмірі;
- 3) аэронавигациялық ақпаратты жеткізушілердің заңды және нақты мекенжайы ;
- 4) байланысатын адамның аты, тегі, лауазымы, телефон, факс, AFTN (болса) нөмірі және электрондық поштасы;
- 5) ұсынылатын ақпараттың мазмұны.

20. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган 10 жұмыс күн ішінде бұрын бекітілген Бастапқы аэронавигациялық ақпаратты жеткізушілер тізбесіне мына жағдайларда анықтаулар енгізеді (толықтырады):

- 1) әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігімен байланысты жаңа ұйым немесе қызмет (басқарма, бөлім) құрған жағдайда;
- 2) тізбеге енгізілген ұйымды немесе қызметті (басқарманы, бөлімді) таратқан жағдайда ;
- 3) тізбеде көрсетілген ұйым немесе қызмет (басқарма, бөлім) туралы ақпарат өзгерген жағдайда .

21. тізбеде көрсетілген бастапқы аэронавигациялық ақпарат жеткізушілер мынадай ақпарат ұсынады :

- 1) осы Қағиданың 2-қосымшасына сәйкес аэронавигациялық ақпарат аэронавигациялық ақпараттар жинағында жариялауға арналған болса;
- 2) осы Қағиданың 3-қосымшасына сәйкес аэронавигациялық ақпарат NOTAM шығаруға арналған болса .

22. Тиісті уәкілетті орган бекіткен төмендегі құжаттар Қазақстан Республикасының AIP-ына өзгерістер енгізуге қосымша негіз болады:

- 1) Әуеайлақ ауданында ұшу жөніндегі нұсқаулыққа (Әуеайлақтың аэронавигациялық паспорты) жасалатын түзетулер;
- 2) Қазақстан Республикасының әуе трассалары тізбесіне жасалатын түзетулер .

23. NOTAM шығару 3-қосымшасына сәйкес және Қазақстан Республикасының AIP-ына өзгерістер енгізуді Қағиданың 3-қосымшасына сәйкес , келесіде жазбаша хабарлама беру арқылы, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның нұсқауы бойынша жүзеге асырылады.

24. Басқа мемлекеттердің аэронавигациялық қызметтерінен алынған аэронавигациялық ақпаратты тарату кезінде, оны берген мемлекеттің рұқсатымен жарияланғанына нақты сілтеме жасалады.

25. Басқа қол жетімді дереккөздерден алынған аэронавигациялық ақпарат (деректер) таратылар алдында тексеріледі.

Тексеру жүргізілмеген жағдайда, ақпаратты таратқан кезде оған тексеру жүргізілмегені көрсетіледі.

26. ААБ қызметінің бастапқы аэронавигациялық ақпаратты (деректерді) жеткізушінің осы Қағидада белгіленген талаптарға жауап бермейтін аэронавигациялық ақпаратын (деректерін) өңдеуге қабылдамайды.

27. ААБ қызметі жыл сайын төртінші тоқсанда тізбеде көрсетілген бастапқы аэронавигациялық ақпаратты (деректерді) жеткізушілерге келесі жылы Қазақстан Республикасының АІР-ында жариялауға жататын бастапқы аэронавигациялық ақпаратты (деректерді) ұсыну мерзімі мен талаптары көрсетілген хат жібереді.

28. Халықаралық таратуға арналған, ашық мәтінде жасалған біріккен аэронавигациялық ақпарат пакетінің барлық элементтері ағылшын тілінде ұсынылады.

29. ААБ қызметі аэронавигациялық ақпараттың (деректердің) таралуын жеңілдету мақсатында қысқартулар қолданады.

30. ААБ қызметі келіп түскен бастапқы аэронавигациялық ақпараттың (деректердің) арнайы журналда тіркелуін қамтамасыз етеді. Онда мыналар көрсетіледі:

1) бастапқы аэронавигациялық ақпараттың (деректердің) келіп түскен күні мен уақыты;

2) бастапқы аэронавигациялық ақпаратты жеткізушінің атауы, байланысатын адамның аты мен тегі;

3) бастапқы аэронавигациялық ақпарат (деректер) ұсынылған АІР бөлімі;

4) бастапқы аэронавигациялық ақпаратты (деректерді) алғаннан кейін онымен жасалған әрбір әрекет, сондай-ақ аэронавигациялық ақпаратты дайындау барысында жасалған өзгерістер туралы белгілер.

31. ААБ қызметі бастапқы аэронавигациялық ақпаратты (деректерді) тіркеу алдында тексереді, қажет болған жағдайда, анықтаулар енгізеді және бастапқы аэронавигациялық ақпаратты жеткізушімен қайта келіседі.

32. ААБ қызметі, осы Қағиданың 10-тармағында көрсетілген аэронавигациялық ақпараттың таратылу түрін ескере отырып, аэронавигациялық ақпаратты Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның «Аэронавигациялық ақпарат қызметтері» 15-қосымшасының және Аэронавигациялық ақпарат қызметтері жөніндегі нұсқаулық (Doc 8126, ИКАО

құжаты) талаптарына сәйкес тарату үшін дайындайды.

33. ААБ қызметі жеткізушілер ұсынған бастапқы аэронавигациялық ақпарат өзекті болған жағдайда сақтайды.

3-тарау. Аэронавигациялық ақпаратты келісу, бекіту және тарату

34. Қазақстан Республикасының АІР-ына түзетулер түрінде таратылатын аэронавигациялық ақпаратты түпкілікті пайдаланушыға жіберер алдында азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

35. ААБ қызметі уақытша және қысқа мерзімді сипаттағы NOTAM түрінде жедел таратылатын аэронавигациялық ақпаратты азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның бекітуінсіз таратады.

36. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының АІР-ына жасалатын түзетуді алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде тексеріп, бекітеді.

37. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының АІР-ына жасалатын түзетудің бекітілгендігі туралы ААБ қызметіне жазбаша хабарлайды.

38. Бекітілген түзетуді алғаннан кейін ААБ қызметі Қазақстан Республикасының АІР-ына жасалатын бекітілген түзетудің таратылуын қамтамасыз етеді.

4-тарау. Аэронавигациялық ақпаратпен алмасу

39. ААБ қызметі шетел мемлекеттерінің аэронавигациялық қызметтері сұраған Қазақстан Республикасының біріккен аэронавигациялық ақпарат пакетінің барлық элементтерін ұсынады.

40. Аэронавигациялық ақпаратпен халықаралық алмасуды жеңілдету мақсатында ААБ қызметі басқа мемлекеттердің аэронавигациялық ақпарат қызметтерімен тікелей байланыс орнатады.

41. ААБ қызметі аэронавигациялық ақпаратты тексергеннен кейін, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органмен келісе отырып, оны Халықаралық аэронавигациялық ақпараттың деректер базасына орналастырады.

42. ИКАО-ның басқа Уағдаласушы мемлекетінің ААҚ, авиакомпаниялар немесе аэронавигациялық карталарды дайындаумен, ұшуды орындаумен немесе қамтамасыз етумен байланысты басқа да ұйымдар сұратқан біріктірілген аэронавигациялық ақпарат топтамасының элементтері басып шығарылған түрінде немесе электрондық форматта немесе екі нысанда да өтеусіз негізде нақты (поштамен, курьер арқылы) немесе тікелей электрондық тарату әдістерімен ұсынылады.

Ескерту. 42-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 26.03.2014 № 264 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

5-тарау. Аэронавигациялық ақпаратты ұсыну және тарату

43. Осы Қағиданың 4-қосымшасында аталған AIRAC жүйесі арқылы таратуға жататын ақпарат ААБ қызметі алдын ала белгілеген күндер бойынша таратылады. Белгілеу, жою немесе едәуір өзгерту 28 күндік аралықпен бір күнде күшіне ену қағидатына негізделеді. Көрсетілген ақпарат уақытша болған және бүкіл кезең бойы сақталмайтын болған жағдайдан басқа жағдайларда, күшіне енген күнінен кейінгі 28 күн бойы өзгертілмейді.

44. ИКАО-ның бағыт карталарын және (немесе) әуеайлақ карталары мен схемаларын қайта шығаруды талап ететін ақпарат, ААБ қызметіне AIRAC-тың 4 циклынан бұрын (112 күн), басқа жағдайларда AIRAC-тың 3 циклынан бұрын (84 күн) өңделуге ұсынылуы тиіс.

45. AIRAC циклында өзгерістердің AIRAC жүйесі шеңберінде күшіне ену күндері ретінде 21 желтоқсан мен 17 қаңтарды қоса алғандағы аралық ішіндегі күндер қолданылмайды.

46. AIRAC жүйесі арқылы таралатын ақпарат қағаз бетінде жарияланады, ААБ қызметі оны алушыларға күшіне ену күнінен 42 күн бұрын таратады.

47. ААБ қызметі AIRAC жүйесі арқылы электрондық түрде таралатын, 4-қосымшада аталған элементтерге қатысты аэронавигациялық ақпаратты алушыларға күшіне ену күнінен 28 күн бұрын таратады.

6-тарау. NOTAM хабарламалары

48. NOTAM мына жағдайларда тез арада жасалып, шығарылады:

1) таратуға жататын ақпарат уақытша және қысқа мерзімді сипатта болған жағдайда ;

2) пайдалану тұрғысынан маңызды, ұзақ мерзімді сипаттағы тұрақты немесе уақытша өзгерістерді жедел тәртіппен енгізген жағдайда.

3) NOTAM жасаған кезде ауқымды мәтіндік және (немесе) графикалық материал қолданылмайды.

49. NOTAM төмендегі ақпаратқа қатысты жасалып, шығарылады:

1) әуеайлақ (тікұшақ айлағын) немесе ұшу-қону жолағын пайдалануды бастау , тоқтату немесе оларды пайдалану тәртібін өзгерту;

2) ұшуларды қамтамасыз етуге байланысты қызметтердің (әуеайлақ қызметі, ӘҚҚ қызметі, РТЖБП қызметі, метеоқамтамасыз ету, іздестіру және құтқару қызметі) жұмысын бастау, тоқтату;

3) ұшуларды және байланысты қамтамасыз етудің радиотехникалық құралдары мен басқа да аэронавигациялық және әуеайлақ (тікұшақ айлақтары) құралдарын пайдалануды бастау немесе тоқтату. Пайдалану параметрлеріне пайдалануды уақытша тоқтату немесе қайта жалғастыру, жиілікті өзгерту, жарияланған жұмыс уақыты, танымдық сигнал, бағдар (бағытталған құралдар), тұрған жері, қуатын 50 % немесе одан да көп пайызға ұлғайту немесе азайту, кестені өзгерту немесе радиохабарлар мазмұны, кез келген электрондық аэронавигациялық құралдардың немесе «әуе-жер» байланысы құралдары жұмысының жүйесіздігі немесе сенімсіздігі жатады;

4) әуеайлақты жарық техникасымен жабдықтау жүйелерінің негізгі құрамдас бөліктерін пайдалануды уақытша тоқтату немесе қайта жалғастыру;

5) аэронавигациялық қызмет көрсету ережесін енгізу, жою немесе өзгерту;

6) маневр жасау алаңдары шегінде елеулі ақаулардың немесе кедергілердің пайда болуы немесе оларды жою;

7) отын, май және оттегінің болуына қатысты өзгерістер мен шектеулер;

8) қолданыстағы құралдар мен іздестіру және құтқару қызметтеріне қатысты өзгерістер ;

9) аэронавигация үшін кедергілерді белгілейтін, бөгейтін жарық маяктарын пайдалануды бастау, тоқтату немесе қайта жалғастыру;

10) ұшуларды орындау үшін қауіп көздерінің болуы (соның ішінде кедергілер , әскери оқу-жаттығулары, көрсету ұшулары, хабарланған аймақтардан тыс жерлерге парашютпен жаппай секіру);

11) ұшып шығу (биіктікке көтерілу) аймақтарында, екінші айналымға кету, қонуға кіру және ұшу-қону жолағында ұшуларды орындау үшін кедергілер келтіру, жою немесе өзгерту ;

12) тыйым салынған аймақтарды, қауіпті аймақтарды немесе ұшуларды шектеу аймақтарын белгілеу немесе жою (соның ішінде тиісті қызметті бастау немесе тоқтату) немесе осы аймақтардың статусын өзгерту;

13) тұрған орындарының индекстерін беру, жою немесе өзгерту;

14) әуеайлақтың талап етілетін белгіленген өрттен қорғау деңгейін едәуір өзгерту ;

15) әуеайлақтың маневрлеу жұмыс алаңындағы қарға, батпаққа немесе мұзға, суға байланысты қауіпті жағдайлардың болуы, оларды жою немесе едәуір өзгерту ;

16) карантиндік іс-шаралар жүргізуді талап ететін індеттің тарауы;

17) жанартаудың атылғанға дейінгі немесе жанартаулардың атылғанға дейінгі орналасқан жері, күні мен уақыты және (немесе) жанартау күлінен болған бұлттың көлденең және тік көлемі, қозғалыстың бағытын, ұшу эшелондары мен бағыттарын немесе олардың осы бұлт тиетін бөліктерін қоса;

18) ядролық немесе химиялық жағдайдан кейін радиоактивті материалдар немесе улы химиялық заттардың атмосфераға таралуы, осы жағдайдың орын алған жері, күні мен уақыты, ұшу эшелоны мен бағыты немесе оның осы жағдайдың әсеріне ұшырайтын бөліктері, қозғалыс бағыттары;

19) әуе қозғалысына қызмет көрсетудің бұзылуына байланысты төтенше жағдайларда қысқа мерзімді іс-шараларды орындау.

50. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның нұсқауы бойынша қосымша NOTAM шығару ұшулардың қауіпсіз орындалуына ықпал ететін өзге жағдайларда жүзеге асырылады.

51. NOTAM төменде келтірілген ақпаратқа қатысты шығарылмайды:

1) әуе кемелерінің қауіпсіз қозғалуына әсер етпейтін, перрондар мен рульдеу жолдарында техникалық қызмет көрсету жөніндегі ағымдағы жұмыстар;

2) егер әуе кемелері қолдағы бар басқа ұшу-қону жолақтарын қауіпсіз қолданатын болса немесе осындай жұмыстар үшін қолданылатын жабдық қажет болған жағдайда жойылатын болса, ұшу-қону жолағын таңбалау бойынша жұмыстар;

3) әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігіне әсер етпейтін әуеайлақ (тікұшақ айлағы) айналасындағы уақытша кедергілер;

4) әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жарық техникалық жабдықтары жүйесінің жартылай істен шығуы, егер бұлар әуе кемелерінің ұшуына тікелей әсер етпесе;

5) тиісті қосалқы жиіліктердің бар екендігі және оларды қолдануға болатындығы белгілі болса, «әуе-жер» байланысы құралдарының жартылай уақытша істен шығуы;

6) қозғалысты ретке келтіру және перрондарға диспетчерлік қызмет көрсетуді қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі;

7) тұрған жері мен бағытын көрсететін белгілердің, сондай-ақ әуеайлақтың жұмыс алаңындағы басқа да көрсеткіш белгілердің жарамсыздығы;

8) көзбен шолып ұшу ережесі бойынша бақыланбайтын әуе кеңістігінде, сондай-ақ бақыланатын әуе кеңістігіндегі хабарланған орындарда немесе қауіпті немесе тыйым салынған аймақтар шегінде парашютпен секіру.

52. Белгіленген қауіпті және тыйым салынған аймақтарға, сондай-ақ ұшуларды шектеу аймақтары және әуе кеңістігіндегі уақытша шектеулермен байланысты қызметтер туралы ережені қолданысқа енгізу туралы хабарлама 7 күн ішінде жіберіледі.

53. Аэронавигациялық құрал, құрылғы немесе байланыс қызметтерінің жарамсыздығы туралы хабарлайтын NOTAM хабарында осы құралдардың жарамсыздық уақытының болжамды кезеңі немесе оларды пайдалануды жалғастырудың болжамды уақыты көрсетіледі.

54. NOTAM осы Қағиданың 5-қосымшасына сәйкес жазылады.

55. NOTAM мәтіні ИКАО қысқартуларымен, индекстермен, анықтағыштармен, көрсеткіштермен, дабылдармен, жиіліктермен, цифрлармен және ашық мәтінмен толықтырылған, NOTAM ИКАО коды үшін жазылған қысқарған (бірдей) сөз тіркестерін пайдалана отырып жасалады. Қысқарған (бірдей) сөз тіркестері мен ИКАО қысқартулары кіретін NOTAM ИКАО коды PANS-ABC құжатында (Doc 8400, ИКАО құжаты) қамтылған.

56. NOTAM сериялармен таратылады. NOTAM сериясын белгілеу үшін S және T әріптерін қоспағанда, A-Z әріптері қолданылады.

57. Әр NOTAM-ға әріп түрінде серия және төрт цифрдан тұратын нөмір беріледі, бұл нөмірден кейін бөлшек және жылдың екі цифры тұрады. Төрт цифрдан тұратын нөмір, күнтізбелік жыл ішінде біртіндеп көбейе береді.

58. NOTAM-да қателіктер болған жағдайда, қатесі бар NOTAM-ның орнына жаңа нөмірмен басқа NOTAM шығарылады.

59. Бұрынғы NOTAM-ды жоятын немесе ауыстыратын NOTAM шығарылған жағдайда, бұрынғы NOTAM-ның сериясы мен нөмірі қойылады. Екі NOTAM-ның да сериясы, орналасқан орнының индексі (Q-кодының 2 және 3 әріпі) мен мәні бірдей болуы тиіс. Тек бір NOTAM ғана жойылып немесе екіншісімен алмастырылып отырады.

60. Тұрақты немесе уақытша сипаттағы ұзақ мерзімді ақпараттан тұратын NOTAM-ның AIP-қа немесе оған жасалған толықтыруға сілтемесі болады.

61. NOTAM мәтініне енетін орналасқан орындарының индекстері «Орналасқан орнының көрсеткілері (индекстері)» құжатында (Doc 7910, ИКАО құжаты) көрсетілген индекстерге сәйкес келеді. Пунктке ИКАО-ның орналасқан орнының индексі берілмеген жағдайда, оның атауы ашық мәтінмен беріледі.

62. Қолданыстағы NOTAM-ның бақылау тізбесі 5-қосымшада келтірілген, NOTAM пішімін пайдалана отырып, айына кем дегенде бір рет (немесе өтініш бойынша) белгіленген байланыс арналары арқылы біріккен аэронавигациялық ақпарат пакетін алушыларға беріледі. Әр серияға бір NOTAM шығарылады.

63. Қолданыстағы NOTAM-ның бақылау тізбесінде соңғы түзетуге, AIP пен AIC-қа жасалған толықтыруға сілтеме болуы тиіс.

7-тарау. Әуеайлақ схемалары мен аэронавигациялық карталарды жариялау

64. Қазақстан Республикасының AIP-ында мынадай аэронавигациялық карталар жарияланады:

- 1) әуеайлақ картасы (ICAO);
- 2) әуе кемесі айлағының (айлаққа қою) картасы (ICAO);

- 3) жерүсті әуеайлағындағы қозғалыс картасы (ICAO);
- 4) А типіндегі, әуеайлақ кедергілерінің картасы (ICAO);
- 5) қонуға дәл кіру орнының картасы (ICAO) (II және III санаттағы ж а б д ы қ т а л ғ а н Ұ Қ Ж ү ш і н)
- 6) аудан картасы (ICAO);
- 7) аспаптар бойынша стандартты ұшып шығу картасы (SID) (ICAO);
- 8) аспаптар бойынша стандартты ұшып келу картасы (STAR) (ICAO);
- 9) аспаптар бойынша қонуға кіру картасы (ICAO);
- 10) көзбен шолып қонуға кіру картасы (ICAO);
- 11) ӘҚК (ИКАО) ең төмен абсолюттік биіктігін шолу картасы.

Ескерту. 64-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 26.03.2014 № 264 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

65. 64-тармақта санамаланған аэронавигациялық карталар Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға «Аэронавигациялық карталар» деген 4-қосымшаның талаптарына сәйкес келетін, осы Қағидаға 7-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Аэронавигациялық ақпарат жинағына енгізуге жататын аэронавигациялық карталарды жасауға қойылатын талаптарға сәйкес д а й ы н д а л а д ы .

Ескерту. 65-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 26.03.2014 № 264 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

66. Әр картаның бетінде аэронавигациялық ақпараттың енгізілген күні ж а з ы л а д ы .

67. Барлық жазбалар үшін латын алфавитінің белгілері қолданылады.

8-тарау. Жергілікті жер мен кедергілер туралы электрондық деректер

68. Жергілікті жер туралы деректер шоғырында белгілі бір тордағы барлық тораптардың (нүктелердің) асып түсу мәндерінің ортақ базасынан есептелетін үздіксіз қатар түріндегі жергілікті жер бетін беретін цифрлық деректер шоғыры болады. Жергілікті жер торы бұрышпен немесе сызықпен жасалады, ол дұрыс немесе дұрыс емес пішінде болады.

69. Жергілікті жер туралы электрондық деректер шоғыры кедергілерді қоспағанда, тау, төбе, жота, алқап, судың жиналуы, мәңгілік мұз бен қар сияқты табиғи элементтері бар Жер бетінің кеңістіктік (орналасу жері және асып түсуі), мәндік және уақытша аспектілерді сипаттайды.

70. Аэронавигациялық деректермен бірге тиісті жағдайларда қолданылатын жергілікті жер мен кедергілер туралы электрондық деректер шоғыры ұшуларды

орындау мен әуе қозғалысына қызмет көрсетуге қатысты мынадай қолданыс түрлерін қамтамасыз етеді:

1) ұшу бағытындағы жер бедерін бағалау функциясы бар, жердің жақын екені туралы ескерту жүйесі және ең төменгі қауіпсіз абсолюттік биіктік туралы ескерту жүйесі (MSAW);

2) екінші айналымға кететін немесе ұшып шығатын кезде апаттық жағдайда қолданылатын қосалқы схемаларды анықтау;

3) әуе кемесінің пайдалану шектеулерін талдау;

4) аспаптар бойынша ұшу схемаларының құрылымы (айналып ұшу схемасын қоса);

5) бағыт бойынша ұшу кезінде төмендету тәртіптемелерін және апатты жағдайда қону орнын анықтау;

6) жерүсті қозғалысын басқару және оны бақылаудың жетілдірілген жүйесі (A-SMGS);

7) аэронавигациялық карталарды және борттық деректер базасын жасау;

8) ұшу тренажеры;

9) әуеайлақтағы (тікұшақ айлағындағы) кедергілерді шектеу және жою.

71. 70-тармақта айтылған аэронавигациялық жүйелерді немесе функцияларды қолдануға байланысты талаптарды орындау мақсатында, жергілікті жер және кедергілер туралы электрондық деректер шоғыры төмендегі аудандарға бөлінеді:

1) 1-аудан: мемлекеттің бүкіл аумағы - әуеайлақтарды (тікұшақ айлақтарын) қоса, мемлекеттің бүкіл аумағын қамтиды;

2) 2-аудан: тораптық диспетчерлік аудан - мемлекеттің АІР-ында көрсетілген немесе әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) бақылау нүктесінен, кішісіне қарай, 45 км радиуспен шектелген тораптық диспетчерлік ауданды білдіреді. АҰЕ бойынша операциялар қамтамасыз етілетін және тораптық диспетчерлік ауданы белгіленбеген әуеайлақтарда (тікұшақ айлақтарында), 2-аудан әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) бақылау нүктесінен 45 км радиус шегіндегі аймақты білдіреді;

3) 3-аудан: әуеайлақ (тікұшақ айлағы) ауданы - бір (бірнеше) ҰҚЖ-ның бүйір жиегінен (жиектерінен) ҰҚЖ-ның ось желісіне (ось желілеріне) дейін 90 метрге, ал әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жұмыс алаңының басқа барлық бөліктері үшін белгіленген аймақтың (аймақтардың) бүйір жиегінен (жиектерінен) 50 метрге созылатын аймақты қамтиды; және

4) 4-аудан: II немесе III санаттары бойынша операциялар орындалатын аудан - II немесе III санаттар бойынша қонуға дәл кіру орындалатын және пайдаланушыларға радиобиіктік өлшегіш қолдану арқылы шешім қабылдау биіктігін белгілеуге жергілікті жердің ықпалын бағалауға мүмкіндік беретін жергілікті жер және тиісті кедергілер туралы толық ақпарат талап етілетін

ҰҚЖ-ларда ғана көзделеді. Аудан ені ҰҚЖ-ның созылған ось желісінің екі жағынан 60 метрді, ал ұзындығы ҰҚЖ-ның басталатын жерінен 900 метрді құрайды және ҰҚЖ-ның созылған ось желісі бойымен өлшенеді.

72. 2-ауданға арналған деректер барлық халықаралық әуеайлақтарға қатысты ұ с ы н ы л а д ы .

73. Осы Қағиданың 71-тармағында көрсетілген аудандардың графикалық суреттері азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган басшысының б ұ й р ы ғ ы м е н б е л г і л е н е д і .

74. Қамтылатын тиісті аудандарға арналған жергілікті жер туралы электрондық деректер шоғыры 6-қосымшаның 1-кестесінде көрсетілген сандық талаптарға сәйкес келеді, ал кедергілер туралы деректер 6-қосымшаның 2-кестесінде көрсетілген сандық талаптарға сәйкес келеді.

75. Барлық жергілікті жер және кедергілер туралы деректерге қойылатын сандық талаптар 6-қосымшаның 1 және 2-кестелерінде келтірілген.

76. Жергілікті жер туралы деректер, жергілікті жер туралы деректерді есепке алу шегі мен графикалық суреттерде келтірілген критерийлерді қолдану арқылы, сондай-ақ осы Қағиданың 6-қосымшасының 1-кестесіндегі жергілікті жер туралы деректерге қойылатын сандық талаптарға сәйкес, осы Қағиданың 71-тармағында көрсетілген аудандар үшін жасалады.

77. Кедергілер туралы деректерде кедергілер туралы цифрлық деректер шоғыры бар, оған жапсарлас және қоршаған элементтерден жоғары және ұшуларды орындау мақсаттары үшін қауіпті саналатын элементтер кіреді. Кедергілер туралы деректер жасанды нысандардың тік және көлденең көлемінің цифрлық көрінісін б е р е д і .

78. Жылжымайтын (тұрақты немесе уақытша) немесе жылжитын кедергілер, графикалық суреттерге сәйкес, кедергілер туралы деректерді есепке алу шегі мен келтірілген критерийлер негізінде 71-тармақта көрсетілген аудандар шегінде анықталады, олар туралы деректер 6-қосымшаның 2-кестесіндегі кедергілер туралы деректерге қойылатын сандық талаптарға сәйкес жасалады.

79. Жергілікті жер туралы деректерге 6-қосымшаның 3-кестесінде келтірілген міндетті атрибуттар тізбесіне сәйкес сипатталатын элементтердің барлық типтері е н г і з і л е д і .

80. Кедергілер туралы деректерге 6-қосымшаның 4-кестесінде келтірілген міндетті атрибуттар тізбесіне сәйкес сипатталатын, кедергілер ретінде анықталған элементтердің барлық типтері енгізіледі.

81. Жергілікті жер туралы деректер бар ақпарат өнімдерінің ерекшеліктеріне қолданылатын дереккөздер мен жергілікті жер туралы деректерді алу үрдістері туралы жалпы ақпарат қамтылған деректерді алу әдісінің сипаттамасы қосылады.

9-тарау. Аэронавигациялық деректердің сапасын басқару жүйесі

82. Таратылатын аэронавигациялық ақпаратты деректер сапасына қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес келтіру мақсатында ААБ қызметі аэронавигациялық ақпаратпен қамтамасыз етудің барлық үрдістерін қамтитын және аэронавигациялық ақпараттың (деректердің) осы Қағидада белгіленген талаптарға сәйкес таратылуын қамтамасыз ететін сапаны басқару жүйесін құруды және оның жұмыс істеуін қолдауды қамтамасыз етеді.

83. Құрылған сапаны басқару жүйесі Халықаралық стандарттау ұйымының (ISO) 9000 сериясындағы сапаға кепілдік беру стандарттарына сәйкес келуі тиіс.

84. ААБ қызметі деректерді дайындау кезеңдерінде немесе қолдану кезінде анықталған қателерді түзету мақсатында, аэронавигациялық деректер көздерін анықтауды қамтамасыз ететін рәсімдер белгілейді.

85. ААБ қызметі ажыратымдылық дәрежесі осы Қағиданың 1-қосымшасында көрсетілген аэронавигациялық деректердің сапасына қойылатын талаптарға сәйкес келетін аэронавигациялық деректердің жариялануын қамтамасыз етеді.

86. Аэронавигациялық деректердің тұтастығын сақтау оларды түсіру (дайындау) сәтінен бастап келесі болжамды пайдаланушыға (аэронавигациялық ақпаратты жеткізушіден аэронавигациялық ақпаратты алатын органға) жібергенге дейінгі бүкіл ақпараттық процесс бойы қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 86-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 26.03.2014 № 264 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

87. Аэронавигациялық деректердің тұтастығын сақтау үшін деректер тұтастығының мынадай сыныптамасы қолданылады:

1) критикалық деректер: бұрмаланған критикалық деректер пайдаланылған кезде әуе кемесінің ұшуын қауіпсіз жалғастырудың және оны қондырудың айтарлықтай тәуекелімен және апаттың болу мүмкіндігімен ұштасу ықтималдығы жоғары болады;

2) маңызды деректер: бұрмаланған маңызды деректер пайдаланылған кезде әуе кемесінің ұшуын қауіпсіз жалғастырудың және оны қондырудың айтарлықтай тәуекелімен және апаттың болу мүмкіндігімен ұштасу ықтималдығы аз болады;

3) әдеттегі деректер: бұрмаланған әдеттегі деректер пайдаланылған кезде әуе кемесінің ұшуын қауіпсіз жалғастырудың және оны қондырудың айтарлықтай тәуекелімен және апаттың болу мүмкіндігімен ұштасу ықтималдығы өте аз болады.

Ескерту. 87-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 26.03.2014 № 264 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн

өткен соң қолданысқа енгізіледі).

88. Көзделген пайдаланушыға ақпарат жіберу ақпарат жеткізудің төмендегідей қолданыстағы әдісінен өзгеше болуы мүмкін:

1) физикалық тарату - аэронавигациялық ақпаратты (деректерді) физикалық қаптамада жеткізуді, мысалы почта қызметтері арқылы таралуын қамтамасыз ететін құралдар;

2) тікелей электрондық тарату - аэронавигациялық ақпаратты (деректерді) ААҚ пен келесі пайдаланушы арасындағы тікелей электрондық байланысты қолдану арқылы автоматты түрде таралуын қамтамасыз ететін құралдар.

89. Деректер сыныптамасына қатысты аэронавигациялық деректердің тұтастығына және сапасына қойылатын талаптар осы Қағиданың 1-қосымшасында ұсынылған.

90. Электрондық тасымалдауыштардағы аэронавигациялық деректер шоғырын сақтау кезінде қорғау, деректер шоғырына арналған қосымшада келтірілген 32-биттік циклдық артық кодты (CRC) қолданып бақылау арқылы қамтамасыз етіледі.

91. Біріккен аэронавигациялық ақпарат пакетінің бір бөлігі ретінде енгізілетін, шығаруға жататын материал ААБ қызметіне ұсынылар алдында тексеріліп, оның осы Қағидаға сәйкес келуін қамтамасыз етуге жауапты қызметтермен келісіледі.

92. ААБ қызметі аэронавигациялық деректердің осы Қағиданың 1-қосымшасында көрсетілген аэронавигациялық деректер сапасына қойылатын талаптарға сәйкес келетін ажыратымдылық дәрежесінде жариялануын қамтамасыз етеді.

Әуе кемелерін пайдаланушыларды аэронавигациялық ақпаратпен қамтамасыз ету қағидасына 1-қосымша

Аэронавигациялық деректердің сапасына қойылатын талаптар

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 26.03.2014 № 264 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1-кесте. Ені мен ұзындығы

Ені мен ұзындығы	Дәлдік/деректердің түрі	Жарияланатын деректердің дәлдігі	Картаның дәлдігі	Бүтіндігінің сыныптамасы
Ұшу ақпаратының ауданы шекараларының нүктелері	2 км (1 м. миль), жарияланған	1 мин	Салынғанға сәйкес	қалыпты

Р, R, D аудандары шекараларының нүктелері (СТА/CTR шекараларынан тыс)	2 км (1 м. миль), жарияланған	1 мин		Салынғанға сәйкес	қалыпты
Р, R, D аудандары шекараларының нүктелері (СТА/CTR шекаралары ішінде)	100 м, есептелген	1 с		Салынғанға сәйкес	маңызды
СТА/CTR шекараларының нүктелері	100 м, есептелген	1 с		Салынғанға сәйкес	маңызды
NAVAID бағыттары мен бақылау нүктелері, құту пункті, STAR/SID нүктелері	100 м, түсіру нәтижелері/ есептелген	1 с		1 с	маңызды
1-аудандағы кедергілері (мемлекеттің бүкіл аумағы)	50 м, түсірудің нәтижелері	1 с		Салынғанға сәйкес	қалыпты
Әуеайлақтың/тікұшақ айлағының бақылау нүктесі	30 м, түсірудің нәтижелері	1 с		1 с	қалыпты
Әуеайлақта/тікұшақ айлағында орналасқан NAVAIID	3 м, түсірудің нәтижелері	1/10 с		Салынғанға сәйкес	маңызды
2-аудандағы кедергілері	5 м, түсірудің нәтижелері	1/10 с		1/10 с	маңызды
3-аудандағы кедергілері	0.5 м, түсірудің нәтижелері	1/10 с		1/10 с	маңызды
Қонуға соңғы кірудің бақылау нүктелері/пункттері және аспаптар бойынша қону сұлбасын жасайтын басқа да маңызды бақылау нүктелері/пункттері	3 м, түсірудің нәтижелері/ есептелген	1/10 с		1 с	маңызды
ҰҚЖ-ның шегі	1 м, түсірудің нәтижелері	1/100 с		1 с	критикалық
4-аудандағы кедергілері	0.5 м, түсірудің нәтижелері	1/10 с		1/10 с	маңызды
ҰҚЖ-ның соңы	1 м, түсірудің нәтижелері	1/100 с		—	критикалық
ҰҚЖ-ның білік сызығының нүктелері	1 м, түсірудің нәтижелері	1/100 с		1/100 с	критикалық
РЖ білік сызығының нүктелері	0,5 м, түсірудің нәтижелері	1/100 с		1/100 с	маңызды
Жердегі РЖ білік сызығының нүктелері; әуеде рульдеу үшін және транзиттік бағыттардың РЖ нүктелері	0,5 м, түсірудің нәтижелері/ есептелген	1/100 с		1/100 с	маңызды
Әуе кемелері/тікұшақ тұрақтарының нүктелері/ INS тексеру пункттері	0,5 м, түсірудің нәтижелері	1/100 с		1/100 с	қалыпты
TLOF геометриялық орталығы немесе FATO шегі (тікұшақ айлақтары)	1 м, түсірудің нәтижелері	1/100 с		1 с	критикалық

2-кесте. Асып кету, абсолютті биіктік, салыстырмалы биіктік

Асып кету/абсолютті биіктік/ салыстырмалы биіктік	Дәлдік/ деректердің түрі	Жарияланатын деректердің дәлдігі	Картаның дәлдігі	Бүтіндігінің сыныптамасы

Әуеайлақтан/тікұшақ айлағынан асу	0,5 м немесе 1 фут, түсірудің нәтижелері	1 миль немесе 1 фут	1 м немесе 1 фут	маңызды
Әуеайлақтан/тікұшақ айлағынан асу жеріндегі WGS-84 геоид толқыны	0,5 м немесе 1 фут, түсірудің нәтижелері	1 миль немесе 1 фут	1 м немесе 1 фут	маңызды
ҰҚЖ-ның шегі немесе FATO (қонуға нақты емес кіру)	0,5 м немесе 1 фут, түсірудің нәтижелері	1 миль немесе 1 фут	1 м немесе 1 фут	маңызды
ҰҚЖ-ның шегіндегі WGS-84 геоидтік толқыны немесе TLOF-тың геометриялық орталығындағы FATO (қонуға нақты емес кіру)	0,5 м немесе 1 фут, түсірудің нәтижелері	1 миль немесе 1 фут	1 м немесе 1 фут	маңызды
ҰҚЖ-ның шегі немесе FATO (қонуға нақты кіру)	0,25 м немесе 1 фут, түсірудің нәтижелері	0,5 м немесе 1 фут	0,5 м немесе 1 фут	критикалық
